

Абайдың рухани мұрасы



Абайдың рухани мұрасы

немесе

данышпан берген салауатты өмір тағлымы

дүниетаным



АЛМАТЫ "ЕЛ-ШЕЖІРЕ" 2007

**Пікір жазған — Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым
академиясының академигі Оразалиев Рахым Алмабекұлы**

Омаров. Д
О 58 Абайдың рухани мұрасы. — Алматы : “Ел-шежіре” баспасы,
2007. — 264 б.

ISBN 9965-9997-5-9

Кітапта Абай мұрасы оның өз өмір жолы арқылы саралап
отырып, оны салауатты өмір салтына қолдану жаңашыл
көзқараспен беріледі. Абай ілімі бойынша адамның өз болмысын
тануы, сана-сезімінің жетілу сатылары, имандылық сырлар
баяндалады. Кітап оқу орындарында өзін-өзі тану, салауатты өмір
пәндеріне қолдану үшін мектеп оқушыларына, студенттерге жөн
өмірдің терең мағынасына үңілетін көпшілікке арналады.

О 4603020000
—————
00(05)-07

ББК 83.3 (5 Қа)

ISBN 9965-9997-5-9

© Омаров. Д, 2007
© “Ел-шежіре”, 2007

Алғы сөз

Абай туралы сөз айту, не болмаса сөз жазу бір жағынан оңай да, сонымен бірге, екінші жағынан өте қиын. Абайды оқуға кімнің болса да ынтасы зор жөне одан өркім өзінше нәр алып, оны өзінше қабылдайды. Абай кімнің болса да жүрегіне еніп, оған өшпес із қалдырады. Абай туралы өркімнің өз түсінігі бар, сондықтан, өркімнің өз Абайы бар. Абай әлемі жатқан бір тұтас дүние. Ол — бүкіл әлем болмысын қамтиды. Сондықтан, Абай шығармаларынан бүкіл әлемнің сырын түсініп, керемет құпиясын көре аламыз.

Ол үшін оны көретін жүрек көзі болу керек. Абай туралы ой айтудың, не болмаса сөз жазудың қиындығы осында жатыр деп ойлаймын.

Абай тұлғасының ұлылығын, асқақтығын сезіну үшін оның рухани әлемін тұтас қамтыған тұста ғана ақынның шалқар жан дүниесінің ұлылығына көзімізді шын жеткізе аламыз. Сонда ғана ұлы ойшыл ақынымызды ардақтау ғана емес, сонымен бірге, оның ұлы мұрасын өмірде кеңінен қолданып, өз өмірімізді соған үйлестіруге мүмкіндік туар деп ойлаймыз.

Қолдарыңыздағы кітап міне осы бағытта жазылған алғашқы туындылардың бірі. Бұл кітапта абайтану саласында алғаш рет ақынның туып өскен ортасы, ата-тегі, бала жасынан бастап айқын танылған ерекше жан дүниесі; артына қалдырған мол мұрасы, сол мұраны адамның күнделікті өмірде пайдалану жолдары бір жүйемен, бір-бірімен байланыстырылып берілген. Абайдың асқар тұлғасының қалыптасуы мен оның адамзатқа қалдырған рухани мұрасы кездейсоқ көрініс емес, әлем заңдылықтарымен тығыз байланысып жатқан құбылыс екені даусыз. Абай болмысы арқылы біз де жан дүниемізді еселеп, биік дәрежеге жеткізу мүмкіндігіне ие боламыз.


Абайтану саласында бұдан да бұрын түрлі шығармалар молынан жазылды. Бірақ солардың көпшілігі ойшыл ақын мұрасын халық жүрегіне жеткізе алды деп айта алмаймыз. Ондай шығармалар ғылыми мекемелердің кітап сүрелерінен түсе алмай, тек қана архив материалы ретінде жатқаны да

белгілі. Адамзат қамы үшін өмір сүрген Абай — халықтың Абайы, бүкіл адамзаттың Абайы.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.
Көкірегі сезімді, тілі орамды,
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, —

деп ақын өзінің ең ардақты мақсаты адамның жан дүниесі, арлы болмысы болғанын, тілеулі арманы өз сөзін әр адамның жүрегіне жеткізу екенін анық ұқтырған жоқ па? Ақын Абайдың осы асыл арманының іске асуына арналып оның мұрасын адам өмірінің бастаушысы, жетекшісі, жарық шамшырағы ретінде көрсетуге тырысқан бұл кітаптың айтар ойы ерекше деп білемін.

Роллан СЕЙСЕНБАЕВ



Кіріспе

Жан иелері бүкіл болмыстың бір бөлігі болғандықтан, іс-өрекеті әлемнің жалпы заңдылықтармен үйлесімді болғанда ғана адам баласы өзіне лайық жоғары дәрежеге ие болып, бақытты өмір сүре алады. Ол үшін әлемнің жалпы заңдылықтарын біліп, оның тіршілігі болмыспен үйлесімді болуы керек.

Кім болса да өмірде бақыт іздеп, тек қана соған ұмтылады. Бақыт жолында адам ұшқан құс тәрізді. Екі қанаты бірдей болып, сәйкестікпен ұшпаса, құс ұшқан бағытынан ауытқып кетеді. Сол сияқты, адам баласы да өзінің екі тірегін бірдей ұстамаса алған бағытынан ауытқып өмір жолы оны бақытқа емес, зардапқа ұрындыруы мүмкін. Сол үшін әркім бақыт құсының қос қанаты тәрізді екі тірегі болып табылатын рухани және материалдық тілектерін тең ұстауға ұмтылады. Бұл табиғи заңдылық.

Абай мұрасына зер сала қарайтын болсақ, ойшылдың рухани мұрасынан әлем заңдылықтарын көріп, өзіміздің күнделікті өмірде де, мемлекетіміздің өркениетінің қарқынды даму жолында да пайдаланатын өте көп құндылықтарды таба аламыз.

Адам әлемнің бір бөлігі болғандықтан, оның түп негізі де екі болмыстан, яғни жан мен тәннен құралады. Сондықтан, ұшқан құс екі қанатын қалай бірдей ұстайтын болса, адам баласы да бақытқа жету үшін осы екі болмысын, яғни тән құмары мен жан құмарын, бірдей ұстап отыруы керек. Болмаса жеке адамдар ғана емес, ірі мемлекеттердің, тіпті бүкіл адамзат қауымының тіршілігі заман ағысында тура бағыттан ауытқып оңға немесе солға соғып кетуі мүмкін. Бұған мысалдар көп. Егер қазіргі замандағы қоршаған ортаның залалданып, былғануын, шөл мен шөлейт аймақтардың ұлғайып, жер бетін басып бара жатқанын, ішетін ауыз судың жылдан жылға азайып, кейбір елдерде тіпті халықтың оны сатып алып ішуге мәжбүр болып отырғанын, ауа райының өзгеріп, табиғат апаттарының молаюын, халықаралық ахуалда ірілі-кішілі соғыс өрттері мен түрлі лаңкестік әрекеттердің өршуіне зер сала қарасақ, бүгінгі күндерде адамзат қауымының бағыты

ауытқып, келешегі бұлыңғырлана бастағанын сезу қиын емес. Бұлардың барлығы материалдық өркениеттің біржақты дамып, адамдардың моральдық-этикалық, рухани ахуалының төмендеуінің көріністері. Өткен атеистік дәуірдегі социалистік жүйенің жетпіс жылдай ғана өмір сүріп, күйрегеніндей демесек те, бұның түбі жақсылыққа апармайтыны, әрине, белгілі.

Осындайда бұрыс жолдан дұрыс жолға салу үшін Абай сөзімен айтқанда “кез-кезімен нәби”, яғни ұлы ойшылдар, әулие-пайғамбарлар келеді.

Қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны Абай да сондай данышпандардың қатарында. Бақытты өмір сүру үшін адамға жоғары мақсатқа жету керек екенін білдіреді ұлы ойшыл. Өмірдің жоғары мақсатына жету үшін салауатты өмір сүру керек. Ал салауатты өмір адамның өзінің негізгі болмыстарын, яғни өркімнің өзін-өзі дұрыс танығаннан кейін ғана болуы мүмкін. Сонда ғана ол өзінің әлемнің бір бөлшегі екеніне көзі жетіп, жалпыға ортақ заңдылықтарды түсініп, өз өмірін бүкіл болмыспен үйлесімді ете алады. Болмыстың жалпы заңдылықтарына әлемнің жаратылу себебі мен оның түрлі көріністері, ондағы жан иелері мен қоршаған табиғат, адамның іс-әрекеттерінің мән-мәнісі және оларға уақыттың қалай ықпал жасайтыны жатады.

Қазіргі кездегі діннің алғашқы мәні бұрмаланып, ұлттық дәстүрдің құлдырау шағында өркімге де бақытты өмір жолынан адастырмайтын тұрақты нысана керек. Біз ол нысананы Абай ілімінен таба аламыз. Бұл туралы президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ұлы ақынның 1995 жылы болып өткен 150 жылдық мерейтойында сөйлеген сөзінде айтқан мына салихалы ойы кімге болса да бағыт бергендей болады:

“.. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені, жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай өлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көштің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

...Қазіргідей заманда Абай жырларына айына емес, аптасына емес, күніне бір үңіліп қоймай болмайды. Сонда жан қинап жүрген қай күмәннің де бәріне жауап таба аласың.” Бұл сөздер әрбір адамның дұрыс жетілуіне кепіл болатын, қоғам өмірінде басшылыққа алатын бағдарламалық ойлар төрізді.

Әр елдің өз ұлы адамдары болады. Оларды кезінде дұрыс танып, олардың қалдырған мұраларын халықтың игілігіне қолдана білген елдер заманның қандай шырғалаңынан да еркін

шығып отырады. Мысалға бір ғана елді, көршіміз Қытайды алайық. Конфуций мұрасын Қытай халқы өзінің рухани өмірінің күре тамырына айналдыра білген. Ұлы ойшыл осыдан екі жарым мың жылдай бұрын өмір сүрсе де Қытай халқы оның жазғандарын әлі күнге дейін өздерінің күнделікті өмірлерінің кодексі ретінде пайдаланады. Елдің барлық саяси-өлеуметтік өзгерістерінде де ұлы Конфуцийдің ілімі ешбір мұқалмайды, қайта сол саяси өмірдің іргетасына айналып, жаңаша құбылып отырады. Оның нәтижесін осы күнгі Қытай елінің қарқындап өркендеу ектінінен де көріп отырмыз. Қытай халқына ұлы Конфуций жол көрсететін шамшырағы болса, ал бізге — ұлы Абай бабамыз сондай шамшырақ болуға лайық.

Осының барлығы да бүгінгі рухани төмендеу заманында халқымыздың салауатты өмір жолына түсіп, өркендеуі үшін зор маңызы бар дүниелер. Абай мұрасын елдегі саяси-өлеуметтік, экономикалық және басқа да шиеленісіп жатқан көптеген мәселелердің себеп-салдарын табуға, қоғамдағы болып жатқан шым-шытырық, бір қарағанда түсінуі қиын құбылыстардың заңдылықтарын анықтау үшін қолдансақ та құба құп. Осылайша бүгінгі өміріміздегі қиындықтар мен шырғалаңдардың себептерін, оларды шешу жолдары мен бағытын анықтауға мүмкіндік туады. Сөйтіп, ұлы ойшылдың рухани дүниесін толығырақ ашу арқылы оны адамның күнделікті өмірдегі тірегі ғана емес, сонымен бірге еліміздің алдағы стратегиялық болашағын анықтау құралына айналдыру бүгінгі заман талабы болса керек.

Бірақ Абайды бірден түсініп кету оңай емес. Сондықтан абайтанушы академик Ғарифолла Есім былай дейді:

“Абай шығармаларын бір рет қана оқып қоймақ түгілі, тіптен оның шығармаларын жаттап алу да аз, мәселе, оны түсінуде. Абай адам санасы кемелденіп, толысқан сайын түсінікті бола бастайды. Әр ұрпақ Абайдан өз түсінігін табады...” /7/. Сондықтан, осы ойларды іске асыру үшін абайтану саласының алдында ойшылдың рухани мұрасының маңызын ашып, оның терең ойларын жалпы көпшілік еркін түсініп, бойына сіңіре алатындай деңгейде дұрыс түсініктеме беру қажеттігі тұр. Бүгінгі таңда ұлы ақын, кемеңгер ойшылдың рухани мол мұрасына өткен атеистік заман тудырған біржақты саяз көзқарастан арылып, енді жаңаша оймен, оның тереңіне үңіле білу керек. Сонда ғана ұлы Абай мұрасын жеке адамдар, өз халқымыздың ғана емес, тіпті бүкіл адамзаттың игілігіне айналдыруға болады. Бұл — келешегі зор, ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, ұлғая беретін қасиетті парыз, үлкен міндет.

Бұл еңбек осы ниеттегі талпыныстың бірі.

Кеңес дәуірінде жетпіс жылдан артық уақыт бойы Абай ұлы ақын ретінде ғана қабылданып, оның ағартушылық, гуманистік идеялары кеңінен зерттеліп, бүгінгі күндерге дейін жалғасып келе жатыр. Біз бұл еңбекте ол арнадан шығып, Абайға жаңаша көзқараспен қарап, оны ойшыл ретінде қабылдап, мұрасын рухани тұрғыдан зерделейміз. Абай мұрасы — рухани дүние. Сондықтан бұндай көзқарас Абай ұлылығының шын мәнін ашып және сол арқылы халыққа рухани білім алуға мүмкіндік береді деген ойдамыз.

Рухани дүниенің көрінетін және көрінбейтін сырлары шексіз. Сол себептен де бұл кітаптан әркім өз шама-шарқына байланысты керегін алар деген ойдамыз. Әрине, кітапты бүкіл оқырман қауымы жылы қабылдайды деуге қиын. Өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, тіпті қарсы қаруласатын адамдар да аз болмас. Оларға жауапты Абайдың бірінші қарасөзіндегі ой түйінімен береміз: ***“Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ”***.

БІРІНШІ БӨЛІМ

АБАЙ МҰРАСЫН ЖҮЙЕЛЕУ

Абай тәрізді ұлы адамдардың адамзат тарихындағы алатын орнын толық анықтап, түсіну оңай емес. Ол үшін олардың бұл өмірге келу құпияларын, өмір сүру жолын, артына қалдырған рухани мұраларын бір-бірінен бөлмей, өзара байланыстыра отырып қарастыру керек. Осылайша олардың ұлылығына көз жеткізіп, адасқанда жол табатын шырақ бола алатынына сеніміміз артады, шашқан нұрын бойға еркін сіңіруге мүмкіндік аламыз. Рас, Абайдың рухани мұрасы зерделеу-зерттелуден кенде емес. Дегенмен де, өткен заманның сыңаржақ саясаты еліміздің егемендік алғанына дейін Абайдың ұлылығын толық ашуға тосқауыл қойды. Сондықтан Абай мұрасының зерттелуі жан-жақты өріс ала алмай, белгілі бір арнада ғана өрбігені белгілі. Қазіргі кезге дейін ойшылдың шығармалары дүниетанымдық тұрғыдан өлі толық жүйеленбегендіктен, оның асыл сөздерінің мәні бірікпей алқаның шашылған моншақ тастары тәрізді шашыраңқы көрінеді. Бұл ойшылдың фөлсафалық ой түйінінің біртұтастығын, ғибрат сөздері мен терең ойларының түпкі мәнін түсінуді қиындатар жәйт. Мәселен, оның терең ой толғаулары мен бейнелі сөздері кейде афоризм, әрі кетсе нақыл сөздер ретінде ғана қолданылып келеді.

Егер алқаның жібін тауып, шашылған асыл тастарын өз ретімен жинайтын болсақ алқа алғашқы өз мәнін алып көркемденеді. Сол тәрізді ұлы ойшылдың да терең ойларын байланыстырып жалғастырушы ортақ жібін тауып, ой-толғамдары мен асыл сөздерін рет-ретімен тізетін болсақ, сонда ғана Абай мұрасы үлкен мәні бар рухани қазына, көркем алқаға айналмақ. Сол кезде ғана Абайдың ұлылығын көріп, ілімінің өзіндік құндылығын танып, шипасын сезінбекпіз. Сол кезде ғана Абайдың жеткен рухани деңгейін көрмекпіз. Оның руханиятқа, дінге, суфизмге, ұлттық мәдениетке, Батыс-Шығыс ғылымдарына қатынасы, ойшылдың ақындық кітапханасы деген сияқты қазіргі абайтану саласында айтылып

жүрген шым-шытырық таным-түсініктер өз орындарын тауып, олардың шешімі табылмақ.

Оған көз жеткізу үшін әуелі оның терең ойларын бір ретке келтіріп, тізетін асыл жібін табуымыз керек. Ол жіп те бар екен. Ол жіп Абай бабамыздың көрсеткен адам өмірінің түпкі мақсаты болып табылатын рухани жетілу жолы. Ол жол адамды Түп Иеге бағыттайды.


Егер адам өз өмірін осы ұлы мақсатқа бағыттап, тыныс-тіршілігінің мәні етсе оның өмірінің мәнді болып, босқа өтпейтініне кепіл беруге болады. Мұны адамзаттың барлық ұлылары да, сонымен бірге барлық қасиетті кітаптар да растайды. Рухани тұрғыдан бұл әркімнің алдына қоятын нысанасы. Мақсат — сол нысананы әуелі тауып, көре біліп, сонан кейін өмір кемесін сол нысанаға бағыттау.

Абайдың ұлы тұлғасын анық танып, өз деңгейінде дұрыс бағалау үшін кеменгердің мұраларын бір-бірінен бөлмей, бір жүйемен өзара байланыстырып, біртұтас дүние ретінде қарастырған жөн. Абайтану пәніне үңіліп, оның жетілу арналарын саралап, Абайдың қалай ой алыбы болып қалыптасқанын түсінеміз. Бұл оның қалдырған мұрасына деген сенімді өсіріп, ұлы мұраны өмірде қолдануымызды жеңілдетеді. Абайдың өмір жолын түсінгеннен кейін, енді оның рухани мұрасының мәні неде екеніне ой жүгіртеміз. Оның рухани мұрасының мәні ойпылдың еңбектерін бір жүйеге келтіріп, біртұтас қарастырғанда ашылмақ, оның ұлылығы неде екеніне көзіміз жетеді. Оның рухани мұрасы бүкіл болмыс заңдылығын толық қамтиды, бізге аспандағы Темірқазық жұлдызындай өміріміздің адастырмас межесі бола алады. Оны күнделікті жеке адам өмірінде салауатты тұрмыс құру үшін және бүкіл қоғам өмірінде бүгінгі саяси ахуалдың қалыптасу себептерін ашу және оның келешегін барлау үшін қолдана аламыз.

Абай ілімі адам баласын ұлтына, дініне, нәсіліне қарап айырмайтын, бүкіл адамзаттыққа ортақ рухани ілім. Сондықтан Абайдың жетілу арналары, оның қалдырған мұрасы һәм оны салауатты өмір жолында қолдану жолдары барлық адамзатқа қажетті асыл қазына болып табылады.

Төменде Абай мұрасын жүйеленген сызба ретінде беріп отырмыз (1-сызба). Әрине, бұл жүйе қатып қалған қағида емес. Ол абайтану саласының көкжиек шекарасын ғана белгілейді. Шекараға жақындаған сайын көкжиектің жеткізбей алыстай беретіні тәрізді абайтану салалары келешекте үздіксіз зерттеліп, толығып, жетіле береріне сөз жоқ. Уақыт өткен сайын Абай мектебі кеңейіп, оның мирасқорлары, ізбасарларының саны молая беретіні де хақ. Енді сызбаның

әрбір бөлігіне жекелей тоқталып, оны саралап, жүйелеуге кірісейік.



1-сызба. Абай мұрасын зерттеу жүйесі

1. Абайтану тарихы

Абайтану тарихы ұлы ойшыл мұрасының еліміздегі саяси-өлеуметтік ахуалға байланысты зерттелу, танылу, насихатталу, бағалану жағдайларын анықтайды. Бұл абайтану саласының өткен соқтықпалы соқпақсыз жолындағы кемшіліктерді анықтап, бүгінгі күнде олардан арылуға ұмтылып, келешекте қайталамаудың қамын ойлауға мүмкіндік береді.

Абайтану тарихы түрлі кезеңдерден өтті (2-сызбаны қараңыз). Ол кезеңдер халқымыздың басынан өткен саяси өзгерістерге байланысты болды. Тоталитарлық жүйе қыспағындағы елдің басқаша халде болуы мүмкін емес те еді. Сондықтан, Абайтану тарихы ел тарихымен бірге өрбіді.

Бүгінгі күндердегі өте өзекті мәселенің бірі Абай мұрасына деген ескі көзқарастан арылып, енді оны жаңаша түсініп қабылдауда болып тұр. Бұл Абай тұлғасын бүкіладамзат құндылығы тұрғысынан қабылдауды жеңілдетеді.

Абайтану тарихын зерттеп, ойшыл мұрасын өрі қарай жалғастырушылар тобы Абай мектебін құрайды. Абайтану ғылымының іргетасын қалап, қабырғасын көтерген ұлы жазушы М. Әуезов екені аян. Абайтану тарихы мол зерттелген саланың бір. Сондықтан біз бұл мәселеге арнайы тоқталмастан, абайтану тарихын Абай мұрасына жаңаша көзқарас қалыптастыру тұрғысынан ғана көрсетеміз.

1.1. Абайтану тарихы — халық тағдырының айнасы


Абайтану тарихын түрлі кезеңдерге бөліп қарастыруға болады. Мысалы, белгілі абайтанушы ғалым М.Мырзахметов былай деп жазады: “Абайтану тарихының даму жолдарын көпшілікке түсінікті болу үшін үш кезеңге бөліп қарастырамыз. Бірінші кезең (1889-1934) яғни абайтанудағы М.Әуезов дәуіріне дейінгі уақытты қамтиды. Екінші кезең (1934-1961) яғни абайтанудағы М.Әуезов дәуірі деп аталады. Үшінші кезең (1962-2005) яғни М.Әуезовтен кейінгі уақыттағы даму жолын айтамыз” /3/. Яғни, бұл әдісте абайтану тарихы абайтанудың іргесін қалаған ұлы ғалымның шығармашылық өмірімен байланыстырылады. Бірақ, бұндай жағдайда абайтану тарихы бір адамның ғана тағдырымен анықталмақ. Ал Абайтану тарихы халқымыздың тағдырымен тығыз байланысты. Саяси ахуалдың құбылуына байланысты болған жақсы-жаман барлық құбылыстар халқымыздың тарихына да, абайтану тарихына да ортақ болды. Сондықтан, абайтану тарихы — халқымыздың тағдырының айнасы десек те болады. Абайтану тарихынан халық тағдырын көре аламыз. Осы себептен де, біз абайтану тарихын бір адамның емес, бүкіл ел тарихымен байланыстырып қарастырғанды жөн деп білдік. Абайтану тарихы — елдегі тарихи және саяси-өлеуметтік жағдайларға байланысты ойшыл мұрасын зерттеу, тану, бағалау, насихаттау тарихын танып білу. Біз оны бір адамның өмірі емес, бүкіл халықтың өмірімен байланыстырамыз. Бұл абайтану тарихындағы, оны тудырған халық тағдырындағы құбылыстарды түсініп, олардың байланысын сезе отырып, оны келешекте болдырмаудың амалын іздеуге мүмкіндік береді.

Абай мұрасын танып зерттеу қарқыны өткен ғасырдың басында қауырт дамып өте көп жетістіктерге жетті. Амал не, аз уақыттан соң ол қарқын саяси жартасқа соғылды, мерт бола жаздады. Енді соның байыбына барып, құлдырау себептері мен оның салдарына көз жеткізу үшін абайтану саласының өткен қилы-қилы белестеріне көз жіберіп көрелік.

Абайтану тарихы халық тағдырының саяси ахуалының құбылуына байланысты төрт кезеңнен өтті.

Бірінші, қарқынды зерттеу кезеңі, егер абайтану тарихын Абайдың өзі қайтыс болған уақытынан бастап қарастыратын болсақ, бірінші кезең жиырма шақты жылға созылды деуге болады. Бұл кезең — данышпанның қалдырған даналығын халық зор ынта-жігермен танып-білуге, насихаттауға ұмтылған ең айшықты кезең еді. Абай қайтыс болысымен-ақ халқымыздың ірі тұлғаларының бірі Әлихан Бөкейханов

тарихта тұңғыш рет ұлы ойшылдың өмірбаяны мен дүниеге көзқарасының қалыптасуы туралы шығармашылық мұрасынан біршама толық мағлұмат келтіре отырып, Абай дүниетанымын орыс тілінде шығатын “Семипалатинский листок” газеті арқылы жалғыз Семей өңірі, жалғыз қазақ даласы емес, бүкіл Ресей көлеміндегі қалың жұртшылыққа жеткізді. Сөйтіп Ә.Бөкейханов ұлы ойшылдың алғашқы шежірешісі және зерделі зерттеушісі болды.



2-сызба. Абайтану тарихы

Сонан кейін қазақ зиялыларының бірі Ахмет Байтұрсынов “Қазақ” газетінің үш санына “Қазақтың бас ақыны” деген тақырыппен көлемді мақала жариялап, Абайдың ұлы көсемдігі туралы өзінің байсалды пікірін былай деп білдірді: “Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылдық керек. Мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне Абай — көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған... Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек”.

Ал халық саңлақтарының бірі Міржақып Дулатов Абай ұлылығын тереңінен түсініп, былай деп насихаттап жоғары баға береді: “Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай”.

Мағжан Жұмабаевтың рухани биік деңгейі Абай болмысын дәл танып, оған әділ баға беруіне мүмкіндік берді. Ол бірінші болып Абайдың хакімдігін анықтап, 1912 жылы “Алтын хакім Абайғаң” атты өлеңінде былай деді:

Шын хакім, сөзің асыл баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.

Бұл алдыңғы толқын ағалардың жоралғысын Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов жалғастырды. Солардың ұйтқысымен Семейде 1918 жылы “Абай” журналы шығарылды. Журнал бір жыл ғана өмір сүріп, 12 нөмір шығарылғанына қарамастан, Абай мұрасын жинастыру, оны зерттеп, халыққа насихаттау ісінде елеулі істер атқарып үлгерді.

Профессор А.Сағдидің “Абай” атты зерттеу жұмысы да осы кезеңнің елеулі жетістігі еді.

Осы қысқа шолудың өзінен-ақ XX ғасырдың басында абайтану саласы шын мәнінде өріс алғанын көреміз. Халықтың зиялы қауымы рухани көсемін үлкен ынта, таза жүрекпен қабылдап, терең тануға ұмтылуының нәтижесінде ойшылдың рухани дүниесі кеңінен зерттеліп ашыла бастады. Халық оның хакімдігін таныды. Абайтану ғылымы үшін бұл қарқынды зерттелген “алтын” кезең болды, бірақ қоғамдағы саяси-өлеуметтік жағдай оны күрт өзгертіп жіберді.

Екінші, құлдырау кезеңі жиырмасыншы жылдардың орта тұсынан отызыншы жылдардың аяғына дейін созылады. Бұл Абай мұрасының тағдырын түнек жолға бұрған өтпелі, ең ауыр да шешуші кезең болды. Себебі абайтану тағдырының күрт өзгеруі дәл осы уақытта шешілді. Бұған елдегі саяси ахуал себеп болды. Халықты “мәңгілік бақытқа”, яғни коммунизмге рухани болмысты мойындамай-ақ, тек қана тұрпайы материалдық өлемнің заңдылығы бойынша жеткізуге болады деген жаңсақ қағиданы идеологиялық құрал етіп алған атеистік көзқарастағы тоталитарлық үкімет болмыстың шынайы рухани қажеттіліктерін түгелдей жоюға кірісті. Себебі, ақиқатқа сәйкес келмейтін сыңаржақты, қыңыр идеяны тек тоталитарлық әдіспен ғана жүйеге асыруға болатын еді. Сондықтан Кеңес үкіметі азамат соғысы біте салысымен, елдің есін жидырмастан, халықты идеологиялық сараптан өткізуге кірісті. Тоталитарлық жүйе өзінің қалыбына келмейтін идеологиялық ағымдар өкілдерін түгелдей құртуға бет алды. Ол үшін революцияның ішкі жаулары мен саботаждарға қарсы күрес үшін құрылған бір кездегі ЧК енді ОГПУ болып жаңаша құрылды. Сөйтіп, ол Кеңес үкіметінің саясатына тура келмейтін идеялық ағымдармен күресетін қаһарлы ұйымға айналды.

Өздерінің түпкі мақсаттарын Кеңес үкіметінің саясатымен үндестіріп, адал қызмет етуге кіріскен Алаштықтарға “ұлтшылдар” деген таңба басылып, олар саяси қуғынға

ұшырады. Абайды солардың саяси көсемі ретінде танығандықтан, оның мұрасына үлкен қатер төнді. Себебі бүкіл болмыс заңдылығын толық қамтитын Абай мұрасы терең рухани мәнде болғандықтан, ол прагматикалық, дәрежі атеистік идеяға кереғар еді. Сондықтан репрессия құралы ұлы мұраға тура бағытталып, Абайға “ұлтшылдардың атасы”, “бай ақыны” деген жала жауып, оның қалдырған рухани мұрасын Алаш қайраткерлерімен қатар жоюға кірісті. Қысқасы, заман ағымы күрт өзгеріп, абайтану саласының тарихи барысы бөтен арнаға бұрылды.

Сол кезеңдегі Абай мұрасын бағалау деңгейі қандайлығына көз жеткізу үшін бірнеше мысалдар келтірейік. 1928 жылы 2 шілдеде “Советская степь” газетінде жоғары лауазым иесі болып жүрген философ Ілияс Қабыловтың “Философия казахского поэта Абая и ее критика” дейтін мақаласы жарияланды. Абайдың дүниетанымын сол кездегі философиялық тұрғыдан бұрмалауды осы жұмыстан көруге болады. Автор Абайды қазақ еліндегі ескі патриархалдық-рулық тәртіптің жоқшысы және жаңа туындап келе жатқан ұлттық буржуазияның жаршысы етіп көрсетеді де, ойшылдың мұрасын бүгінгі қоғам өміріне жарамсыз, тіпті зиянды деп бағалап, оның атына тіл тигізіп, неше түрлі саяси жүгенсіз сөздермен балағаттайды. Ол мақаласын былай деп аяқтайды: “Қазақстан партия органдарының идеологиялық майдандағы ең маңызды міндеті абайзмді көдімгі буржуазиялық қоқсық ретінде құрту болып табылады. Сондықтан қысқа мерзімде Қазақстанның партиялық-кеңес ұйымдарының барлық мәдени күшін Абай іліміне және оның жақтастарына қарсы ұйымдастыру керек”.

Абайдың ойшылдығын зерттеушілер ғана емес, оның ақындығын зерттеп жүрген филолог-әдебиетшілердің көзқарасы да осы пікірден алыс кеткен жоқ. Оған белгілі журналист, білгір әдебиетші, белсенді сыншы атанған Ғаббас Тоғжановтың 1935 жылы Алматы мен Қазанда латын өрпімен басылып шыққан “Абай” атты әдеби-сын кітабі дәлел бола алады.

Бірақ қазақ мәдениетінде Абайдың орнын ештеңемен толтыруға болмайтын еді. Бұны сол кездегі идеологияны басқарушылар да, зиялы қауым да жақсы түсінді. Сондықтан Абай мұрасының тағдыры жөнінде ғылым, мәдениет, өнер саласында жүрген қайраткерлер арасында айтыс басталды. Мұның бәрі, белгілі дәрежеде, орталықтан шыққан, коммунистік партияның пролетарлық емес мұраға шабуыл бастаған саясатының ықпалымен болды. Әрбір қоғамдық формацияда өмір сүрген адамдар сол дәуірдің идеологтары

(феодалдық дәуір ақыны, буржуазия ақыны, пролетариат ақыны, т.с.с.) саналды. Жергілікті қоғамның даму барысы ескерілмей, оған қатысты құбылыстарға орталықтағы бағалар көшіріліп жапсырылды.

Сол сияқты идеологиялық саясаттың әсерімен Абай философиясы сыртқа тебілді. Мәселен, Абайдың хакімдігі ұмытылып, оның рухани дүниесіне терең енуге мүмкіндік болмады. Себебі данышпанның “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” дейтін ойлары, дүние сырларын түгел қамтитын хакімдік тұжырымдары коммунистік идеологияға кереғар еді. Сондықтан, Абай мұрасын жаңа ағымға бейімдеп, саясат мүддесінде пайдалану үшін енді оның ақындығына ғана көңіл бөлініп, өзін ағартушы, асса ұлы гуманист ретінде ғана танып насихаттайтын болды. Сөйтіп, келешекте Абай мұрасы тек осы деңгейде ғана зерттеліп бағаланды. Әрине, бұндай көзқарас ұзақ уақыт оның рухани биік тұлғасын, шынайы ұлылығын көлегейлеген қара бұлт іспетті еді. Осылай Абай ілімі коммунистік саясаттың құралына айналды.

Үшінші, тоқырау кезеңі өткен кезеңнің салған сара жолымен отызыншы жылдардың аяғы, қырқыншы жылдардың басынан бастап еліміздің тәуелсіздік алуына дейін, яғни 1991 жылға дейін созылды. Ол саяси қыспақтың әлсіреп, не болмаса күшейгеніне байланысты толқымалы болды. Абайды “ұлы ақын” деп бағалаған таным өзгермей сақталып, ал ойшылдығы шет қағылған ахуал қалыптасты. Бұл Абай ұлылығын толық тануға мүмкіндік бермейтін тоқырау кезеңі еді. М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтында “Абайтану” деген бөлім ашылды. Кеңес дәуірінде, 1985 жылға дейін, абайтану саласында жиырма төрт докторлық және кандидаттық диссертация қорғалған екен. Бұлар, негізінен, Абайдың ақындығын, сөз өнерін зерттеген филологиялық бағыттағы жұмыстар. Әрине, Абайдың ойшылдығына көңіл аударған К.Бейсенбиев, Ә.Жиреншин, С.Мұқанов, Н.Смирнова, М.Сильченко, Т.Тәжібаев тәрізді зерттеушілердің ірілі-кішілі бірсыпыра жұмыстары болды. Бірақ оларға заманның тар арнасы ойшылдың рухани дүниесін толық ашып, өзіндік бағасын беруге мүмкіндік бермеді.

Дегенмен, осының өзі, бұл тоқырау кезеңі үшін, ұлы ақынды мүлде ұмыттырмау жолындағы жеңіс еді. Сөйтіп, Абайдың хакімдік тағылымы шоғырланған қарасөздерін философтар емес, әдебиетшілер зерттеді. Оның өзінде елуінші жылдардың бас кезінде ғана филолог ғалым Ханғали Сүйіншалиевтің “Абайдың қарасөздері” атты монографиясында көрініс тапты. Ол, әрине, негізгі назарды

қарасөздердің идеясына емес, әдебиетші ретінде олардың текстологиясына, түр, стиль, тіл ерекшеліктеріне аударды.

Бұл кезеңде Абай мектебінде заманымыздың заңғар жазушысы, әдебиетші ғалым, академик Мұхтар Әуезовтің орны бөлек болды. Оның “Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы” атты монография жазып, оны бірнеше рет өңдеуден өткізгені, Абай өміріне сүйене отырып “Абай жолы” атты эпопеясын жазғаны көпшілікке белгілі. Бірақ Абай үшін күресу жолында ол үнемі қудалануда болды. М.Әуезов Абайға шығыс мәдениетінің әсерін, суфизмнің әсерін көрсеткені, мұсылман әлемінде Абайдың жаңашыл, реформист болуға жақындағанын, Абайдың өзін орыс ақындарынан кем санамағанын көрсеткені үшін сынға алынды. Абайдың рухани дүниесіне тереңдеп енуге саяси жағдай мүмкіндік бермегендіктен, бұл кезеңде ойшыл мұрасы тек қана жалпы өркениеттік және гуманистік деңгейде бағаланып, оның ағартушылық, немесе демократиялық пікірлеріне көңіл аударатын шығармалар басым болды. Абай мектебінде осы бағытта Х.Әділпереев, Т.Әлімқұлов, К.Бейсембиев, Е.Ермеков, Ә.Қоңыратбаев тәрізді бірсыпыра зерттеушілер еңбек етті.

Дегенмен уақыт өткен сайын саяси қыспақ әлсіреп, Абай мұрасының деңгейі қоғамдағы қалыптасқан ой-пікірден әлдеқайда жоғары екені көптеген ғалымдардың көкейіне қона бастады. Сондықтан Абайдың дүниетанымын басқа қырынан талдауға ұмтылған бірсыпыра еңбектер де пайда болды. Бұлардың қатарында Ж.Әбдильдин, Қ.Әбішев, С. Ақатай, М.Бурабаев, М.Орынбеков, Ғ.Есім және басқа философ ғалымдарды атауға болады.

Жалпы алғанда, бұл кезеңде Абай дүниетанымына тереңдеп енуге мүмкіндік болмаса да, халқымыздың өнер-білім жетістіктеріне қол жеткізген ірі-ірі тұлғалары әрдайым Абай өнері деңгейімен бағаланып отырды. Бұл олардың шығармашылық биігіне ылғи да Абай биігінен қарап, жетілу жолдарын болжап отыруға мүмкіндік берді.

Төртінші, жаңа кезең еліміздің егемендік алған уақытынан, яғни 1991 жылдан басталып, бүгінгі күндерге дейін созылып келеді. Бұл кезең — коммунистік біржақты саясат жойылғаннан кейінгі, Абайдың хакімдік мұрасына жаңаша көзқарас кезеңі. Мұның өзі Абайдың ойшылдық әлемін шын мәніндегі рухани тұрғыдан зерттеу кезеңі енді ғана басталды дегенді білдіреді. Абай мұрасы басқа жағынан қанша көп зерттелсе де, философия ғылымы үшін әлі игерілмеген тыңмен бірдей. Бүгінгі таңда оның дүниетанымына жаңа көзқараспен қарап, ақиқат мәнін танып, насихаттау арқылы нәрлі рухани

бұлағынан халықтың сусынын мейлінше қандыруға мүмкіндік туды. Ал Абайға жаңа көзқарас дегеніміз бұған дейін аса көңіл бөлінбей келген оның хакімдігін тану, яғни ойшыл мұрасының негізгі құндылығы оның “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген сөзіне негізделетінін мойындау. Сонымен бірге Абай дүниетанымы бүгінгі қалыптасқан діндарлық шеңберден әлдеқайда кең жатқанын ескеру. Оның бізге қалдырған дүниесі діни көзқарас қана емес, сонымен бірге, жалпы әлемдік заңдылықтарды қамтитын руханилық деңгейде жатыр. Бұл бағытта академик Ғ.Есімнің “Абай дүниетанымын тану — қазақ философиясын танудың кілті” деген ойды дәлелдейтін бірсыпыра шығармаларының маңызы зор. Бұлар Абайдың хакімдігін тануға бетбұрыс жасап, абайтану саласын жаңа арнаға салуға арналған еңбектер болып табылады.

Сонымен, жаңа кезеңдегі Абайға көзқарастың басқы ерекшелігі — кеменгер ақынның ойшылдығына көңіл бөлу. Яғни Абай тұлғасынан енді ұлы ақынды ғана емес, ұлы ойшылды да көруіміз керек. Өкінішке қарай бұл көзқарас ғалымдардың арасында да, көпшілік арасында да әлі толық қалыптаса қойған жоқ. Бұны дәлелдеп жатудың қажеті шамалы. Яғни, Абай мұрасына деген жаңаша көзқарас ұлы гуманист, ағартушы деген түсініктер деңгейінде ғана қалып қоймай, оның рухани деңгейін ашып көрсетуге саяды. Сонда ғана ұлы мұраның бүкіладамзаттық құндылығын көріп, оны өз дәрежесінде қабылдап қолдана аламыз. Абай ілімін күнделікті өмірде қолдану жолдары кеңінен зерттелуі керек. Сонымен бірге, ойшыл мұрасының түпкі мәнін, кемел адам, хал ілімі, имани гүл, толық адам ілімі деген кейбір ғалымдарға әлі де болса бұлыңғыр болып жүрген танымдар жүйесін зерттеп ашуымыз керек. Ал бұлардың барлығы да философиялық танымдар, сондықтан, сөз жоқ, оларды зерттеу филологтардың емес, философтардың ісі. Демек, енді абайтану тұғыры философтардың уысында болғаны мақұл.

Абайтану ғылымының мақсаты ойшылдың ұлы тұлғасын өз деңгейінде таныта отырып, оның мұрасын халық игілігіне жарату болғандықтан, біз абайтану тарихының төмендегідей міндеттерін қарастырамыз.

1. Абайтануға жаңа заман тудырған жаңаша көзқарастың мәнін ашу.

2. Абайдың рухани жетілуін ашып, оған ата-тегінің, өскен ортасының, өзінің туа біткен жан дүниесінің әсерін көрсету.

3. Кеңес Одағы дәуіріндегі саяси ахуалға байланысты қалыптасқан Абайдың жетілуіне үлкен әсері болған Құнанбай және ұлы шәкірті Шәкәрім тәрізді тұлғаларға деген бұрыс пікірлерді қайта қарап, өзіндік әділ баға беру.

4. Абайдың рухани болмысын зерделеп, оның терең ойларының қайнар көзін іздеу. Абай ілімі бойынша дін, руханият түсініктеріне анықтама беріп, ойшылдың өзінің діндегі және руханияттағы алатын орнына көз жіберу.

5. Абай тұлғасының адамзаттық деңгейдегі алатын орнын анықтап, оның кемел адам, жәуанмөрттік, толық адам тәрізді бүкіл адамзатқа ортақ мәні бар ой түйіндерінің сырына үңілу.

6. Абай мұрасын жеке адамның салауатты өмірі мен қоғам өмірінде қолдану жолдарын көрсету.

1.2. Абай мұрасына жаңаша көзқарас

Абай мұрасына жаңаша көзқарас дегеніміз — ойшыл мұрасының бүкіл әлемнің бір жаратушы себебі мен жаратылу мақсаты барына, сонымен бірге әлем тіршілігінің ортақ бір заңдылыққа бағынатынына негізделетінін мойындау. Мәселе осылай қойылғанда данышпан ілімі бүкіл болмысты қамтитын жүйе екені анықталмақ. Бұл жүйе жаралыстың іргетасы болып табылатын үш ұғымды қамтиды. Бірінші, әлем өзінен-өзі немесе кездейсоқ пайда болған емес, оның пайда болу себебі, яғни Жаратушысы бар. Осыдан екінші және үшінші ұғымдар шығады. Екінші, Жаратушысы болса, әрбір жаратудың мақсаты да болмақ, ендеше әлем де мақсатсыз жаратылмаған. Яғни бүкіл әлем тіршілігінің белгілі бір мақсаты бар. Үшінші, Жаратушы бір болатын болса, онда бүкіл әлем сол Жаратушының ырқымен және берген заңдылықтарымен өмір сүруі керек. Әлем тіршілігінің тәртібі бір көзден, бір Жаратушыдан шығатын болғандықтан, бүкіл әлем өмірінің заңдылықтары баршаға ортақ.

Абай ілімін мойындау адамға болмыс құпияларын дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Данышпан өзінің рухани кемелденуіне қасиетті Құранды негіз еткені белгілі. Ол Құран Кәрімді жақсы біліп, рухани нәрін өзінің бойына толық қабылдай білген. Бұл — сопылық дәстүр. Сопылардың рухани жолдағы алғашқы қадамы исламның негізгі қағидаларын өз бойларына сіңіріп, оларды өмір тәртібі, күнделікті тұрмыс көрінісі ретінде қабылдауға үйренеді. Ол үшін алғашқы сәтінен бастап қасиетті Құранды жадына сақтап, оны толығымен зерттейді. Сопылардың көпшілігі қасиетті Құранды түгелдей жатқа біліп, қари деңгейіне көтеріледі. Бұл рухани жетілуге керекті алғашқы шарт қана. “Шариғаттан” өтіп “Тарихатқа” жеткенде адам алған білімін бойына сіңіріп, оны өзінің мінезіне, өзіндік қасиетіне айналдырады. Сопылық жолдағы адам әрі қарай үздіксіз тәжірибе, жаттығулар жасай отырып Хақпен байланыс орнатады, ол байланысты әрі қарай

жетілдірсе, тек сонда ғана өмірдің негізгі мақсаты Түп Иеге, Хақиқатқа жетеді. Сондықтан өмірдің негізгі мақсатына жеткізетін деңгейді сопылар “Хақиқат” деп атайды. Абайдың бұл жолды “бек шетін, бек нәзік” деп атауы тегін емес. Бұл сөздің үлкен мағынасы бар.

Абай ілімі бойынша: әлем өмірінің мақсаты — өзін Жаратушының ықпалымен өмір сүру. Кім болса да бір нәрсені жасаса, өзінің керегіне жарату үшін жасайтыны тәрізді, Жаратушы да әлемді жаратқанда, тек Өз ризалығы үшін жаратты. Себебі Ол мәңгі, сондықтан Оның жаратылу себебі жоқ, керісінше, әуел бастан Оның өзінен басқа ешкім де, яғни басқа Жаратушы да жоқ. Өз тілегімен, ләззат алу үшін, Жаратушы рухани болмысты жаратты. Бірақ кейбір жандар өздеріне берілген аздаған еркіндікті дұрыс пайдалана алмай, өздерінің міндетін ұмытып, Жаратушының тілегін емес, өздерін қанағаттандырғысы келді. Бұл — білместік. Шексіз мейірімді Жаратушы ешкімнің еркіне қарсы емес, сондықтан Ол фәни болмысты жаратты да, Жаратушыны ұмытып, өздерін ләззаттандырғысы келген жандарды өркімнің қалауына қарай өз несібесімен бақи әлемнен, яғни рухани өмірден фәни әлемге, яғни материалдық өмірге жіберді. Бұл материалдық әлем өздерінің қылмысы үшін жазасын өтейтін абакты тәрізді. Осыдан фәни өмірдегі барлығымыз да Жаратушының ырқынан шыққан күнәһарлар екенімізді түсінеміз.

Жаратушы шексіз мейірімді болғандықтан, бұл материалдық әлемде Ол ешкімді де жіберген қателіктері үшін жазаламайды. Жаратушы тек қана материалдық әлемнің заңдылығын ғана жасады, ал оны дұрыс, не болмаса бұрыс қолдануына байланысты өмірдің әділет (қарымта) заңы бойынша өркім өмірдің рақатын, не болмаса қасіретін көреді. Абайдың айтуынша, бұған Жаратушы араласпайды. Осылайша өркім өзінің бақытын өзі жасайды. Бұл фәни өмірге өркім өздерінің қалауы бойынша ләззат алу үшін жіберілді. Бірақ материалдық әлем — рухани әлем емес. Рухани әлемде барлығы мәңгілікті, білімге және ләззатқа толы болса, материалдық әлемде барлығы, керісінше, уақытша, білместікке және қайғы-қасіретке толы. Абай ілімі бойынша, бұл өмірдегі қызықтың барлығы да жалықтыратын, уақытша және шындығы жоқ жалған. Сондықтан өркім тіршілік барысында осыны түсінуі керек. Сонда өмірдің басты мақсатын орындауға — кейін қарай, Алла тағалаға қайтуға мүмкіндік туады. “Өзге мақсат ақылға қона ма екен!” — деуі сондықтан данышпанның.

Бұл мақсатқа жету үшін әуелі білім алу арқылы білместіктен арылу керек. Сонан соң Алла тағалаға таза құлшылық жасаумен жүрек көзін ашып, Абай сөзімен

айтқанда “сен де сүй Ол Алланы жаннан тәтті”. Ол үшін “адамзаттың бәрін сүй бауырым деп”. Сонда ғана кім болса да өзінің фәни өлемге келген мақсатына жете алады.

Бұл фәни өлемде әркімнің ләззаттанып, өмірдің рақатын көруіне барлық жағдай бар. Ол жағдайды толық пайдалану үшін, өлем заңдылықтарымен үйлесімді өмір сүру керек. Бірақ адамдар өздерінің білместігінен ол заңдылықтарға сенімін жоғалтып, толық орындамайды. Сөйтіп, қоршаған ортаның бейберекетін шығарып, өздеріне керекті өмір қажеттіліктерінен айрылып қалады. Соның салдарынан өмір шырғаландарына түсіп, қайғы-қасірет көріп, түрлі ауруларға шалдығып денсаулықтарынан айырылады, тез қартайып, өмірлерін қысқартады. Бұл жағдай өріс алып, шектен шығып бара жатқаны сонша, тіпті кейінгі жылдары кейбір елдерде, сонымен бірге біздің елде, салауатты өмірге ерекше көңіл бөлініп, бетбұрыс жасалды. Осылайша дені сау адамның денсаулығын сақтау ғылымы — “Валеология” ғылымы пайда болды. Валеология дегеніміз — адам бақытының негізі болып табылатын салауатты өмір қағидалары мен денсаулық сақтау тәртіптерін дұрыс орындау. Ойшыл мұрасы салауатты өмір тәртібінің негізі бола алады. Мәселе тек соны көріп, өмірде пайдалана білуде. Абай ілімі денсаулықты сақтау үшін, әуелі білместіктен арылу керек десе, “Валеология” ғылымы да адамдарға өлем заңдылықтарын дұрыс түсіндіріп, онымен үйлесімде өмір сүрудің жолдарын көрсетуді мақсат етеді. Адамның денсаулығы бүкіл өлем өмірімен үйлесімді тіршілік болғанда ғана сақталады. Салауатты өмір дегеніміз, міне, осы. Ондай өмір тәртібін Абай ілімінен таба аламыз.

Данышпандардың қарапайым адамдардан айырмашылығы — олар өлемдік болмысты тұтас қабылдап, оның жалпы заңдылықтарын тани білген. Абай да бұл өлемге сирек келетін өлем ойының алыбы. Бұл оның шығармаларының рухани терең мазмұндылығынан, көркемдігі мен айқын мақсаттылығынан жақсы сезіліп тұрады.

Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,
Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ.
Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,
Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

(“Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол”, 1888ж.)

Данышпандардың өмірінің мән-мақсаты осындай. Абай тәрізді ойшыл адамдар бүкіл адамзаттың даму нәтижесі, бетке шығар құнарлы қаймағы болғандықтан ондай рухани жоғары

жетілген данышпандар өмірге сирек келеді және тарихта терең із қалдырып, аты мен рухани мұралары ғасырлар бойы жасап, өзінің беретін шипасын жоғалтпайды. Өмірдің бұл заңдылығын Абайдың өзі былай деп жырлап кеткен:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

(*“Өлсе өлер табиғат, адам өлмес”, 1895 ж.*)

Бұрынғы атеистік тәрбиенің ықпалында өскен кейбір жандардың бір Жаратушы бар дегенге күдікпен қарайтыны табиғи нәрсе. Енді Абайдың *“Алланың Өзі де рас, сөзі де рас”* деген сөзіне өлі де болса сенбей жүргендерге ежелгі ел аузындағы ғибратты бір әңгімені мысалға келтіре кетейік.

Кезінде ислам ғұламаларының бірі болған имам Әбу Ханифаның бала кезінде әлемнің бір жаратушысы барлығына сенбейтін, әр нәрсе тек қана табиғаттан жаратылған деп есептейтін, қайда барса да ғалымдармен кездесіп, айтысып жүретін бір дінсіз адам Куфа қаласына да жетіпті. Теріс пікірлерін айтып тарата бастаған бұл дінсіздің мәжіліс құрмақшы болғанына күлген мұсылмандар:

— Біздің бір кішкентай ғалымымыз бар. Егер сен сонымен айтысып жеңе алсаң, білімді ғалымдарымыз сенімен сонда ғана кездеседі, — деп жауап береді.

Кездесуге белгіленген уақытта мәжіліс үйі жұртқа толады. Жарты сағат өткенде кішкентай ғалым келмеген соң, дінсіз адам: “Білем! Менен қорықты!” — дейді.

Дәл осы кезде кішкентай ғалым Әбу Ханифа кіріп келеді.

— Не үшін кеш қалдың, кішкентай тентек? Қорыққаныңнан кешіктің бе? — деп сұрайды дінсіз адам.

— Жоқ, неден қорқамын. Үйім өзеннің ар жағында. Бер жаққа өтпекші болғанда көпірдің түсіп кеткенін көрдім. Өте алмайтыныма көзім жеткен соң сол маңайдағы ағаштарға “Дереу бір қайық болып мені арғы жаққа өткізіндер!” деп өмір еттім. Ағаштар қайық болып мені өткізді. Сондықтан кешіктім, кешіріңіздер! — дейді Әбу Ханифа.

Бұл жауапқа қарқылдап күлген дінсіз адам:

— Ей, ақылсыз балам-ай! Ағаш өзінен өзі қайық бола ма? — дегенде Әбу Ханифа шындыққа көшіп:

— Анығында ақылсыз сен өзіңсің. Бір қайықтың өз-өзінен жасалғанына сеніп, қабылдамайсың, сөйте тұра ұшы-қиырсыз, алды-арты жоқ әлемнің өзінен-өзі пайда болғанын қайтып қабылдап отырсың? — дейді.

Бұл тамаша тапқырлыққа таң қалған дінсіз:

— Мені байқатпай ұстадың ғой! Жә, олай болса, көрсетші Алланы маған, көрсетсең сенейін! — дейді.

Сонда кішкентай ғалым бір шыны сүт алдырып, дінсізден сұрады:

— Осы май мен ірімшік қайдан шығады?

— Әлбетте, сүттен!

— Ендеше, мына шыныдағы май мен ірімшікті маған көрсетіп берші!

Дінсіз әбден шарасыз қалып:

— Әрине, бұл сүттің ішінде май мен ірімшік бар. Бірақ, көзге көрінбейді, — деді.

— Мына жалғыз шынының ішіндегі сүттің майы мен ірімшігі барын біле тұра, оны көрсете алмайсың да, мына үлкен өлемдерді жаратқан Алланы көрсет маған, дейсің! Бұл мүмкін бе? Сүттің ішінде қалай май болса, Алла да бұл өлемде осылайша бар, бірақ Оны көрсетуге болмайды, — деді дінсізді жауабынан тапжылтпай ұстаған Әбу Ханифа.

Бұл дәлелді жауаптарға бір Алланың барлығына өлі де сенбей, білгірсінген дінсіз адам:

— Соңғы сұрағыма жауап берсең, жеңілгенімді мойындар едім. “Алла бар” деп бой бермейсің. Ол Алла дәл қазір не істеп жатыр? — деп сұрады.

Біраз ғана ойланып қалған кішкентай ғалым:

— Бағанадан бері отырған мінбеден енді түсіңіз, — деді.

Сұрақтың жауабын сонда берейін деп дінсізді төмен түсіріп, өзі мінбеге шығып:

— Дәл қазір Алла сен сияқты бір дінсізді мына мінбеден төмен түсіріп, мен сияқты кішкене бір құлын жоғары шығарды, — деді.

Білгірсінген дінсіз аузын аша алмай қалды. Ол мәжіліс үйін лық толтырған қалың халайық алдында “Кәлима” айтып, дереу имандылық қабылдапты.

Бұл әңгіме әлдебір рухани күштің бар екенін және барлығы соның ықпалымен болып жатқанын тапқырлықпен дәлелдеудің бір үлгісі.

Имандылықты Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қолдайтыны да көпке үлгі болатын жағдай. Мысалы, ол 1995 жылғы қазан айында “Россия” газетінің тілшісіне берген сұхбатында:

— *Сіз өзіңізді діниіңіз, Құдайға сенетін адаммын деп айта аласыз ба? — деген тілші сауалына Нұрсұлтан Әбішұлы былай деп жауап береді: “Маған рухани күш, яғни адамның ішкі жан дүниесінің тазалығы және діни сенім бір-бірімен тығыз байланысып, қатар жүретін сияқты көрінеді де тұрады. Адам өуелі рухани жағынан кемелденуге қадам жасайды да, сонан*